Монополияға қарсы органның ұқсас қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы
ҚОРЫТЫНДЫ

«22» қаңтар 2026 жыл Атырау қаласы

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Атырау облысы бойынша департаментіне (*бұдан әрі* – Департамент) «Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» ММ-нің (*бұдан әрі* – Басқарма) Басқармаға бағынысты Атырау қалалық және аудандық ветеринариялық стансаларынан «Мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) күтіп-ұстауды қамтамасыз ету қызметін» шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден сатып алу бойынша монополияға қарсы органның ұқсас қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы қорытындысын беру туралы 2025 жылғы 29 желтоқсандағы №06-01-14-1-2/2646 өтінішхаты *(бұдан әрі – Өтінішхат)* келіп түсті.

Аталған өтінішхат, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің (*бұдан әрі* - Кодекс), Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (*бұдан әрі*- Заң) нормаларын басшылыққа ала отырып, сондай-ақ, ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту Агенттігі Төрағасының м.а 2025 жылғы 16 маусымдағы №6 бұйрығымен бекітілген Монополияға қарсы органның ұқсас тауарлар жасауды жіне қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы және тиісті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бәсекелестік негізде сатып алудың өзге мүмкіндігінің жоқ екендігі туралы қорытынды беру қағидаларына (*бұдан әрі* - Қағидалар) сәйкес қаралды.

Қағидалардың 10-тармағына сәйкес, ***Заңның 16-бабы 3-тармағының 26) тармақшасында көзделген негіз бойынша***, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) бір жүз пайызы мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардан, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерден және өзі оларға қатысты Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындардан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы өтінішхаттарды қарау кезінде ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын ***жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігін айқындау*** мына тәртіппен жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес мәлімделген акционерлік қоғамға, жауапкершілігі шектеулі серіктестікке немесе мемлекеттік кәсіпорынға қатысты басқаруды жүзеге асыру бөлігінде арыз месінің өкілеттіктерін, сондай-ақ мұндай өкілеттіктерді Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарымен белгілеу тұрғысынан зерделеу;

2) нормативтік құқықтық базаны, сондай-ақ өтінішхат материалдарындағы мәліметтер мен түсіндірмелерді жеке кәсіпкерлік

субъектілерінің тиісті тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсетуіне қатысты мемлекетке заңнамалық тыйымдардың немесе шектеулердің бар-жоғы бөлігінде талдау;

3) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган ұсынатын ЭҚЖЖ бойынша тиісті код бойынша жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік субъектілері туралы ақпаратты талдау негізінде әлеуетті бәсекелестерді айқындау;

4) мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған ақпаратты мәлімделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді не оларды әлеуетті алмастырғыштарды бәсекелестік сатып алуды жүзеге асыру тұрғысынан талдау.

Осыған байланысты, Департамент Қағидалардың 10-тармағының 1), 2), 3), 4) тармақшаларына сәйкес, жүргізген зерделеу және талдау нәтижелері бойынша:

- Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 1-бабының 7) тармақшасына сәйкес, *коммуналдық заңды тұлғалар – мүлкі коммуналдық меншікте тұрған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар мен коммуналдық мемлекеттік мекемелер болып табылады* делінген.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі №339 «Ветеринария туралы» Заңының *(бұдан әрі - Заң)* 10-бабының 1-тармағының 4-2) тармақшасына сәйкес, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының құзыретіне мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) салуды, реконструкциялауды ұйымдастыру және оларды күтіп-ұстауды қамтамасыз ету жатады делінген.

Сондай-ақ, аталған Заңның 11-бабының 4-тармағына сәйкес, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары мынадай функцияларды: *құрылысын тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұйымдастырған мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), мал сою алаңдарын (ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңдарын) күтіп-ұстауды* жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар құрады.

Облыстардың жергілікті атқарушы органдары құратын *мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар аудандарда, облыстық маңызы бар қалаларда ветеринариялық пункттерімен құрылады деп көрсетілген.*

Зерделей келе, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес, аталған қызмет түрлерін жүзеге асыру айрықша түрде тек мемлекеттік кәсіпорындар арқылы жүзеге асыруды айқындайтын немесе оларды орындауға жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қатысуына тыйым салатын нормалар көзделмеген.

Алайда, жергілікті атқарушы органдардың *Мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) күтіп ұстауды* қамтамасыз ету мақсатында

мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар құру арқылы жүзеге асыратындығы қарастырылған.

- нормативтік құқықтық базаға, сондай-ақ өтінішхат материалдарында ұсынылған мәліметтер мен түсіндірмелерге талдау жүргізу нәтижесінде, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тиісті тауарларды жеткізуіне, жұмыстарды орнытдауына немесе қызметтерді көрсетуіне қатысты мемлекет тарапынан заңнамалық тыйымдар немесе шектеулер көзделмегені, сондай-ақ аталған қызмет түрін жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бәсекелестік негізде жүзеге асыруына құқықтық кедергілердің жоқ екені анықталды.

- «Ұлттық статистика бюросы» порталынан алынған деректерге сәйкес, ЭҚЖЖ 75000 – «Ветеринариялық қызмет» бойынша Атырау облысы бойынша тіркелген және әрекет ететін 3 *(үш)* жеке кәсіпкерлік субъектілері анықталды.

Бұл ретте, 2024-2025 жылдар кезеңінде жүргізілген зерделеу нәтижесінде аталған ЭҚЖЖ бойынша тіркелген жеке кәсіпкерлік субъектілерінің ішінде нақты осы қызмет түрін жүзеге асыру бойынша мәліметтер анықталмады.

- Мемлекеттік сатып алу веб-порталында (goszakup.gov.kz) жарияланған деректерге жүргізілген талдау нәтижелері бойынша, ЭҚЖЖ 75000 – «Ветеринариялық қызмет» коды бойынша *«Мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) күтіп ұстауды қамтамасыз ету»* қызметі бойынша мемлекеттік сатып алуларға жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қатысуы анықталмады.

Қағидалардың 13-тармағына сәйкес, өтінішхатты қарау нәтижелері бойынша монополияға қарсы орган не монополияға қарсы органның аумақтық бөлімшесі мыналарды қамтитын Қорытындыны қалыптастырады:

1) Заңның 16-бабы 3-тармағының 2), 26) немесе 31) тармақшаларына сәйкес қарау негізі.

Заңның 16-бабының 3-тармағының 26) тармақшасына сәйкес, *шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу-монополияға қарсы органның* ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын *жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы қорытындысы* болған кезде мемлекеттік органның тиісті өздерінің өкілеттіктері, оның ішінде мемлекеттік органның өкілеттіктері Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында белгіленген, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) бір жүз пайызы мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардан, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерден және өзі оларға қатысты Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындардан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуы жағдайларында қолданылады.

2) Өтінішхат нысанасы:

- *«Мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) күтіп ұстауды қамтамасыз ету»* қызметі» - ЭҚЖЖ 75000 «Ветеринариялық қызмет»;

3) Өтінішхатта көрсетілген әлеуетті жеткізуші туралы мәліметтер:

- «Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының Атырау қалалық ветеринариялық стансасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, БСН 120740018775;

- «Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының Жылыой аудандық ветеринариялық стансасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, БСН 120440009705;

- «Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының Құрманғазы аудандық ветеринариялық стансасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, БСН 120340022550;

- «Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының Мақат аудандық ветеринариялық стансасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, БСН 160140009167;

- «Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының Махамбет аудандық ветеринариялық стансасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, БСН 120440010808.

4) алынған нәтижелердің қысқаша сипаттамасымен қарау шеңберінде (осы Қағидалардың 3-тарауына сәйкес) жүргізілген іс-қимылдар тізбесі;

Тапсырыс берушінің атауы: «Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» ММ-сі, БСН 180740016680.

Өтінішхатта көрсетілген әлеуетті жеткізушілердің (кәсіпорындардың) жарғысына сәйкес, «Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» - құрылтайшысы, кәсіпорындардың мүлкіне қатысты субъектінің құқығын, мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын және кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган болып табылады.

Қаржы жылы – 2026 жыл;

Қаржыландыру көзі – жергілікті бюджеттен;

Сатып алу нысанасының түрі – қызмет;

Тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің коды – 750019.000.00030;

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілен қызметтердің атауы – «Малдар қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) күтіп-ұстауды қамтамасыз ету қызметі» ЭҚЖЖ - 75000 «Ветеринариялық қызмет»;

Сатып алу тәсілі – шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден сатып алу;

Өлшем бірлігі – бір қызмет;

Саны, көлемі:

- «Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының Атырау қалалық ветеринариялық стансасы» ШЖҚ КМК - 2;

Управление сельского хозяйства и земельных отношений Атырауской области\Ашейхов А. М.

- «Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының Жылыой аудандық ветеринариялық стансасы» ШЖҚ КМК – 7;

- «Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының Құрманғазы аудандық ветеринариялық стансасы» ШЖҚ КМК – 19;

- «Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының Мақат аудандық ветеринариялық стансасы» ШЖҚ КМК – 2;

- «Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының Махамбет аудандық ветеринариялық стансасы» - 9;

Бір бірлігі үшін баға, теңге:

- «Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының Атырау қалалық ветеринариялық стансасы» ШЖҚ КМК – 4 319 500;

- «Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының Жылыой аудандық ветеринариялық стансасы» ШЖҚ КМК – 1 457 100;

- «Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының Құрманғазы аудандық ветеринариялық стансасы» ШЖҚ КМК – 1 021 900;

- «Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының Мақат аудандық ветеринариялық стансасы» ШЖҚ КМК – 1 800 000;

- «Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының Махамбет аудандық ветеринариялық стансасы» ШЖҚ КМК – 1 333 300;

Сатып алу үшін бекітілген жалпы сома, мың теңге:

- «Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының Атырау қалалық ветеринариялық стансасы» ШЖҚ КМК – 8 639;

- «Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының Жылыой аудандық ветеринариялық стансасы» ШЖҚ КМК – 10 200;

- «Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының Құрманғазы аудандық ветеринариялық стансасы» ШЖҚ КМК – 19 416;

- «Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының Мақат аудандық ветеринариялық стансасы» ШЖҚ КМК – 3 600;

- «Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының Махамбет аудандық ветеринариялық стансасы» - 12 000;

Бір көзден сатып алуды жүзеге асыруға негіздемелер - Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабының 3-тармағының 26) тармақшасында көзделген негіз бойынша, *шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу- монополияға*

Управление сельского хозяйства и земельных отношений Атырауской области Шайхиев А.М.

қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын *жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы қорытындысы* болған кезде мемлекеттік органның тиісті өздерінің өкілеттіктері, оның ішінде мемлекеттік органның өкілеттіктері Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында белгіленген, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) бір жүз пайызы мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардан, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерден және өзі оларға қатысты Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындардан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуы;

Тауардың өзара алмастырылуы – сатып алу жоспарланған қызмет түрі өзге қызмет түрлерімен алмастырылуға жатпайды;

Тауарды жеткізу, жұмысты орындау, қызметтерді көрсету орны (КАТО сәйкес елді мекен коды):

- «Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының Атырау қалалық ветеринариялық стансасы» ШЖҚ КМК – 235600000;

- «Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының Жылыой аудандық ветеринариялық стансасы» ШЖҚ КМК – 234800000;

- «Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының Құрманғазы аудандық ветеринариялық стансасы» ШЖҚ КМК – 234600000;

- «Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының Мақат аудандық ветеринариялық стансасы» ШЖҚ КМК – 235200000;

- «Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының Махамбет аудандық ветеринариялық стансасы» - 235600000;

5) әрбір қарау кезеңі бойынша тұжырымдардың негіздемесі:

Өтінішхатта көрсетілген әлеуетті жеткізушілердің (кәсіпорындардың) жарғысына сәйкес, «Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» - құрылтайшысы, кәсіпорындардың мүлкіне қатысты субъектінің құқығын, мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын және кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган болып табылады.

Заңның 10-бабының 1-тармағының 4-2) тармақшасына сәйкес, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының құзыретіне мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) салуды, реконструкциялауды ұйымдастыру және оларды күтіп-ұстауды қамтамасыз ету жатады делінген.

Сондай-ақ, Заңның 11-бабының 4-тармағына сәйкес, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары мынадай функцияларды: *құрылысын тиісті әкімшілік-аумақтық*

Управление сельского хозяйства и земельных отношений Атырауской области\Ашрайхиев Ж. М.

бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұйымдастырған мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), мал сою алаңдарын (ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңдарын) күтіп-ұстауды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар құрады.

Облыстардың жергілікті атқарушы органдары құратын *мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар аудандарда, облыстық маңызы бар қалаларда ветеринариялық пункттерімен құрылады деп көрсетілген.*

«Ұлттық статистика бюросы» порталынан алынған деректерге сәйкес, ЭҚЖЖ 75000 – «Ветеринариялық қызмет» бойынша Атырау облысы бойынша тіркелген және әрекет ететін 3 *(үш)* жеке кәсіпкерлік субъектілері анықталды. Сонымен қатар, мемлекеттік сатып алу веб-порталында (goszakup.gov.kz) жарияланған деректерге жүргізілген талдау нәтижелері бойынша, ЭҚЖЖ 75000 – «Ветеринариялық қызмет» коды бойынша *«Мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) күтіп ұстауды қамтамасыз ету»* қызметі бойынша мемлекеттік сатып алуларға жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қатысқандығы анықталмады.

Атырау облысы әкімдігі ***ветеринариялық іс-шараларды өткізу үшін жеке кәсіпкерлік субъектілерінің болмауы бойынша*** жолдаған 2026 жылғы 8 қаңтардағы №06-01-14-1-2/94 хатымен келесідей түсіндірме берген :

«Атырау облысы әкімдігі, Қазақстан Республикасы «Ветеринария туралы» Заңының 11-бабының 4-тармағына сәйкес жануарлардың аса қауіпті ауруларына қатысты ветеринариялық-санитариялық және эпизоотияға қарсы іс-шараларды, оның ішінде диагностиканы, вакцинацияны және санитариялық союды жүргізу облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың айрықша құзыретіне жатады.

Ветеринария саласындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар жергілікті атқарушы органдар тарапынан ветеринария саласындағы функцияларды орындау үшін құрылған.

Анықтама үшін. Қазақстан Республикасы «Ветеринария туралы» Заңының 11-бабының 4-тармағына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 134-бабы 2-тармағының 18) тармақшасына сәйкес мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың функцияларына мыналар жатады:

- *жануарлардың аса қауіпті, жұқпалы емес және энзоотиялық ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шараларды жүргізу;*
- *ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу;*
- *аса қауіпті және энзоотиялық ауруларға қарсы ветеринариялық препараттарды, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруге арналған бұйымдар мен атрибуттарды тасымалдау (жеткізу) және сақтау қызметтерін көрсету;*
- *жергілікті атқарушы органдар ұйымдастырған мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), сою алаңдарын күтіп-ұстау;*

• *ветеринариялық анықтамалар беру;*

• *ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқорын жүргізу және одан үзінді көшірмелер беру;*

• *биологиялық материал сынамаларын алу және оларды ветеринариялық зертханаларға жеткізу;*

• *ауру жануарларды санитариялық союға тасымалдау қызметтерін көрсету.*

Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасы жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жануарлардың аса қауіпті және энзоотиялық ауруларына байланысты ветеринариялық қызметті жүзеге асыру құқығын көздемейді. Осыған байланысты аталған қызмет түрлерін жеке субъектілердің бәсекелестік негізде көрсетуі алынып тасталады, ал көрсетілген қызметтер бойынша бәсекелестік ортаның болуы салалық заңнама талаптарына сәйкес келмейді.

Анықтама үшін. Ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметке мыналар жатады:

• *ветеринариялық емдеу-профилактикалық қызмет;*

• *ветеринариялық мақсаттағы дәрілік заттарды, биологиялық препараттарды, ветеринариялық және зоогигиеналық мақсаттағы бұйымдар мен атрибуттарды өткізу;*

• *дезинфекция, дезинсекция, дератизация және дегельминтизация жүргізу;*

• *ветеринариялық препараттарды өндіру және өткізу;*

• *жануар текті өнімдер мен шикізатқа ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу;*

Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған ветеринария саласындағы өзге де қызмет түрлері.

Бұл ретте өзге қызмет түрлеріне жұқпалы емес ауруларды емдеуге, сондай-ақ хирургиялық және акушерлік араласуларға байланысты функциялар жатады.

Қосымша хабарлаймыз, Қазақстан Республикасы «Ветеринария туралы» Заңының 13-1-бабына сәйкес жеке және заңды тұлғалар ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті бастау немесе тоқтату туралы хабарламаларды белгіленген тәртіппен жолдауға міндетті. Заңның 11-бабының 4-тармағында көзделген қызмет түрлері бойынша облыстың жергілікті атқарушы органдарына тиісті хабарламалар түскен жоқ.

Осыған байланысты, сондай-ақ жергілікті жерлерде жануарлардың аса қауіпті және энзоотиялық ауруларының алдын алу және оларды жою бойынша жоспарлы ветеринариялық іс-шараларды, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді уақтылы қамтамасыз ету мақсатында ***жеке кәсіпкерлік субъектілерінің болмауы туралы оң қорытынды беруді сұраймыз****, бұл Қазақстан Республикасы «Ветеринария туралы» Заңының 11-бабына сәйкес құрылған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдармен бір көзден*

Управление сельского хозяйства и земельных отношений Атырауской области «Шайхиев А.»

тікелей шарт жасасу арқылы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға негіз болады.

Аталған шараларды іске асыру облыстың эпизоотиялық салауаттылығын және биологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді».

6) Қорытындының қолданылу мерзімі - **2026 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі мерзімде жарамды**.

7) Қорытынды беру үшін негіздердің бар немесе жоқ екендігі туралы түпкілікті шешім.

Қорытындылай келе, Департамент Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін және мемлекеттік сатып алулар порталы мен «Ұлттық статистика бюросы» порталынан алынған деректерді зерделеу нәтижесіне сәйкес, сондай-ақ, Атырау облысы әкімдігінің ***ветеринариялық іс-шараларды өткізу үшін жеке кәсіпкерлік субъектілерінің болмауы бойынша*** жолдаған 2026 жылғы 8 қаңтардағы №06-01-14-1-2/94 хатын негізге ала отырып, «Мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) күтіп ұстауды қамтамасыз ету» қызметін жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілері жоқ екендігі туралы қорытынды шығарады.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 85-бабының 4-тармағына сәйкес, Департамент бәсекелестікті негізсіз шектеу бөлігінде жеке кәсіпкерлік субъектілерінен өтініштер (шағымдар) болған жағдайда осы қорытындыны кері қайтарып алуға құқылы болып табылады.

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Атырау облысы бойынша департаменті басшысының міндетін атқарушы **А. Адиева**

Управление сельского хозяйства и земельных отношений Атырауской области Шайхиев М.

Орындаған: М.Тұрғалиева
Тел: 8 (7122) 27-01-14